

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандастық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің профессор-окытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау ережесі		UE-02-01-01
Бекітілген 26.02.2025 ж.	Басылым № 5	16 беттің 1-сі



**УЕ-02-01-01**  
**УНИВЕРСИТЕТТІН**  
**ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ**  
**ЖҮКТЕМЕСІН ЖОСПАРЛАУ ЕРЕЖЕСІ**

Түркістан, 2025

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандастық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара  
көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандастық университетті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің профессор-окытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау ережесі		УЕ-02-01-01
Бекітілген 26.02.2025 ж.	Басылым № 5	16 беттің 2-сі

## КЕЛІСУ ПАРАФЫ

### ӘЗІРЛЕГЕН:

Академиялық даму бөлімінің  
басшысы



Г. Сыздыкова  
«26» 02 2025 ж.

### КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық және ғылыми істер  
жөніндегі вице-ректор




Л. Шалабаева  
«26» 02 2025 ж.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
комплаенс-қызмет



Д. Бейсембаева  
«26» 02 2025 ж.

Әкімшілік бөлімінің басшысы



К. Тубеков  
«26» 02 2025 ж.

Әкімшілік бөлімінің бас маманы  
(зангер)



Е. Тасов  
«26» 02 2025 ж.

Сапаны қамтамасыз ету бөлімінің  
басшысы



Ж. Сейткулова  
«26» 02 2025 ж.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандастық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің профессор-окытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау ережесі		УЕ-02-01-01
Бекітілген 26.02.2025 ж.	Басылым № 5	16 беттің 3-сі

## МАЗМҰНЫ

1. Қолдану саласы	4
2. Пайдаланылған қысқартулар тізімі	4
3. Қолданылған терминдер мен анықтамалардың тізімі	4
4. Нормативтік сілтемелер	5
5. Жалпы ережелер	6
6. Педагогикалық жүктемені жоспарлау кезіндегі оқу жұмысының түрлері	6
7. Жұмыс түрлері бойынша жүктемені бөлу тәртібі	10
8. ПОҚ педагогикалық жүктемесін жоспарлау, бөлу және орындауды құжаттау және бақылау	13
9. Өзгерістер енгізу тәртібі	14
10. Келісу, сақтау және тарату	14
11. Өзгерістерді тіркеу парагы	15
12. Танысу парагы	16

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандастық университетті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің профессор-окытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау ережесі		УЕ-02-01-01
Бекітілген 26.02.2025 ж.	Басылым № 5	16 беттің 4-сі

## 1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Осы «Университеттің профессор-окытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау ережесі» (бұдан әрі – Ереже) «Халықаралық туризм және меймандастық университетті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) профессор-окытушылар құрамының (бұдан әрі-ПОҚ) педагогикалық жүктемесін жоспарлау тәртібін реттейді.

## 2. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

АДБ – Академиялық даму бөлімі;

АК – Аттестаттау комиссиясы;

БББ – білім беру бағдарламасы;

БӘЖ/МӘЖ – білім алушының/ магистранттың өзіндік жұмысы;

ФЖБССҚҚ – Фылыми және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті;

ЖҖОҚБҰ – Жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім беру үйімдар;

ҚР БFM – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

ҚР ФЖБМ – Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі;

МЕК – мемлекеттік емтихан комиссиясы;

МҒЗЖ – магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы;

МЭЗЖ – магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы;

ОБӨЖ/ОМӨЖ – оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының/ магистранттың өзіндік жұмысы;

ОЖЖ – оку жұмыс жоспары;

ПОҚ – профессор-окытушылар құрамы;

ЭПК – Элективті пәндер каталогы;

MINOR – қосымша білім беру бағдарламасы;

## 3. ҚОЛДАНЫЛҒАН ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

**Академиялық кредит** – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оку жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі.

**Академиялық күнтізбе** – оку жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оку және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі.

**Академиялық сағат** - оку сабактарының немесе оку жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені, оку сабактарының кестесін жасау кезінде, өтілген оку материалын жоспарлау мен есепке алуда, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есептеу кезінде пайдаланылады.

**Аралық бақылау** – бір оку пәнінің бөлімі (модулі) аяқталғаннан кейін білім алушылардың оку жетістіктерін бақылау. Бір оку пәні шенберінде бір академиялық кезең ішінде кемінде екі рет өткізіледі.

**Білім алушыларды аралық аттестаттау** – білім алушылардың оку жетістіктерінің (білімі, икемділігі, дағды және құзыреті) деңгейін оку пәнін бітіргеннен кейін оку пәнінің бағдарламасына сәйкес бағалау рәсімі.

**Білім алушыларды қорытынды аттестаттау** – жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оку пәндерінің және (немесе) модулдерінің көлемін және оку

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандастық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің профессор-окытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау ережесі		УЕ-02-01-01
Бекітілген 26.02.2025 ж.	Басылым № 5	16 беттің 5-сі

қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім.

**Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау** – бұл жалпы білім беретін оку бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабак барысында педагог жүргізетін білім алушылардың білімдерін жүйелі тексеру.

**Білім алушының өзіндік жұмысы** – өз бетінше оқуға берілген, оку-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын, оку нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жасалатын жұмыс.

**Дипломдық жұмыс (жоба)** – жобалау элементтерін қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешуді білдіретін студенттің бітіру жұмысы.

**Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)** – қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оку үшін білім алушы анықтаған пәндердің және (немесе) модульдердің, оку жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы.

**Магистрлік диссертация** – ғылыми-педагогикалық магистратура магистранттың таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті проблеманың теориялық және/немесе практикалық әзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген бітіру жұмысы.

**Магистрлік жоба** – бейінді магистратура магистранттың таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті проблемаларының қолданбалы міндеттін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын бітіру жұмысы.

**Модуль** – дербес, білім беру бағдарламасының құрылымдық элементін оқыту нәтижелері түрғысынан аяқталған, айқын қалыптасқан, білім алушылар менгеретін білім, іскерліктер, дағдылар, құзыреттер және бағалаудың барабар критерийлері.

**Негізгі білім беру бағдарламасы (Major)** – негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушы анықтаған білім беру бағдарламасы.

**Оку пәніне жазу** – білім алушыларды оку пәндеріне тіркеу рәсімі.

**Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы – ЖЖОКБҰ** немесе оқытушы анықтайтын жеке кесте бойынша жүргізіледі.

**Эдвайзер (Advisor)** - тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері функциясын атқаратын, оку траекториясын таңдауына (жеке оку жоспарының қалыптасуына) және оку кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы.

**Элективті пәндер** – жоғары оку орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру үйыми енгізетін, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өнірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оку пәндері, қалыптасқан ғылыми мектептер.

#### 4. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Ереже Қазақстан Республикасының Білім туралы Заны (2007 жылғы 27 шілдедегі №319), Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заны (01.07.2024 ж. №103-VIII ҚРЗ), Жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім беру үйимдары қызметінің

Бұл күжатты «Халықаралық туризм және меймандастық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінara көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

<p>Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі</p> <p>«Халықаралық туризм және меймандастық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы</p> <p>Университеттің профессор-окытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау ережесі</p> <p>Бекітілген 26.02.2025 ж.</p>		<p>Министерство туризма и спорта Республики Казахстан</p> <p>Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»</p> <p>UE-02-01-01</p> <p>Басылым № 5</p> <p>16 беттің 6-сі</p>
---	--	---

үлгілік қағидалары (ҚР БФМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (ҚР ФЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы), Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін үйымдастыру қағидалары (ҚР БФМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы), Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі (ҚР ФЖБМ 2024 жылғы 05 қаңтар №4 бұйрығы), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асyrатын білім беру үйымдарына окуға кабылдаудың үлгілік қағидалары (ҚР БФМ 31.10.2018 ж. № 600 бұйрығы), ҚР БФМ Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарындағы профессор-оқытушылар құрамы үшін ұсынылатын педагогикалық жүктеме мен ең төменгі жалақыны айқындау туралы бұйрығының (ҚР БФМ 2021 жылғы 25 наурыздағы №122 бұйрығы) және ҚР ФЖБМ басқа да нормативтік-құқықтық актілерінің, сондай-ақ Университеттің ішкі нормативтік құжаттарының негізінде жасалынды.

## **5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

5.1 Мектептің ПОҚ жүктемесі пәндердің оку сағаттарының жалпы санына және басқа да оку жұмысының көлеміне сәйкес айқындалады.

## 5.2 Мектептің штаты ПОҚ педагогикалық жүктемесінің көлеміне қарай айқындалады.

5.3 Мектеп директорлары штаттық кестеге сәйкес лауазымдық бірліктерді көрсете отырып, мектептің ПОҚ педагогикалық жүктемесінің жалпы көлемін бөледі және АДБ ұсынады.

5.4 Оқу жылы ішінде ПОҚ жеке оку жүктемесіне өзгерістер енгізілуі мүмкін. Өзгерістер АДБ және Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректормен келісіліп, мектеп директорымен бекітіледі. Оқытушылардың сабактарын уақытша аудиностыру жеке жүктемені өзгертпей жузеге асырылады. Мектеп директорлары оку жылы аяқталғаннан кейін АДБ мектептің ПОҚ педагогикалық жүктемесінің нақты орындалуы туралы есеп береді.

## **6. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮКТЕМЕНІ ЖОСПАРЛАУ КЕЗІНДЕГІ ОҚУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТУРЛЕРІ**

6.1 Оқытушының жылдық жүктемесінің көлемі келесі жұмыс түрлерінен турады:

## *Аудиториялық оқу жұмысы:*

- дәріс оку;
  - практикалық (семинар) сабактар, зертханалық жұмыстар өткізу;
  - ОБӨЖ/ОМӨЖ жүргізу;
  - аралық аттестаттау (емтихан) өткізу.

### *Аудиториядан тыс оқу жұмысы:*

- практикаға жетекшілік ету (оку, педагогикалық, өндірістік, диплом алдындағы және зерттеу);

- бакалавр дипломдық жұмысына (жобасына), магистрлік диссертацияға (жобага), докторлық диссертацияға жетекшілік ету;

- ғылыми-зерттеу жұмысына, эксперименттік-зерттеу жұмысына жетекшілік ету;
  - Қазақстан тарихы бойынша мемлекеттік емтихан қабылдау;
  - АҚ жұмысына қатысу;
  - білім беру бағдарламасының үйлестірушісі;
  - дуалды оқытудың үйлестірушісі;
  - Эдвайзер.

*Білім алушылардың улгерімін бақылау іс-шаралары:* 1) ағымдағы бақылау. 2) аралық

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандастық университеті» KEAK рұқсатының толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайлы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандастық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің профессор-окытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау ережесі		УЕ-02-01-01
Бекітілген 26.02.2025 ж.	Басылым № 5	16 беттің 7-сі

бақылау, 3) білім алушыларды аралық аттестаттау, 4) білім алушыларды қорытынды аттестаттау, 5) мемлекеттік емтихан (Қазақстан тарихы).

#### 6.2 Қосымша жұмыс түрлері:

##### Ғылыми-зерттеу жұмысы:

- республикалық, халықаралық конференцияларға, форумдарға, симпозиумдарға қатысу;
- ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу;
- республикалық, халықаралық журналдарда ғылыми мақала жазу;
- ғылыми әзірлемелердің тиімділігін арттыру, олардың нәтижелерін қызмет көрсету саласындағы білім беру үдерісіне енгізу, әлемдік кеңістікке интеграциялау.

##### Біліктілікті арттыру:

- оқытылатын пәндер бейініне сәйкес соңғы уш жылда кадрлардың біліктілігін арттырудан өту.

##### Тәрбиелік жұмыс:

- мектеп, Университет және т. б. деңгейіндегі іс-шараларға қатысу.

6.3 Университет ПОҚ оқу жұмысының акылы түрлеріне мыналар жатады: дәрістер, практикалық сабактар, ОБӘЖ/ОМӘЖ жүргізу, аттестаттаудың барлық түрлері, практиканың барлық түрлері, дипломдық жұмыстарға (жобаларға) басшылық ету, магистрлік диссертацияларға (жобаларға) ғылыми жетекшілік жасау, МФЖЗ/МЭЖЗ жетекшілік жасау, БББ үйлестірушісі (бакалавриат), дуальды оқытудың үйлестірушісі, әдвайзер.

6.4 Оқу жұмысының көлемін жоспарлау кезінде бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең екендігіне негізделеді. Бір академиялық кредиттің еңбек сыйымдылығы (30 академиялық сағат) 1 кредитке, ECTS (25-30 академиялық сағат) сәйкес келеді.

6.5 Университет ПОҚ педагогикалық жүктемесін жоспарлау академиялық сағаттарда жүзеге асырылады. Бұл ретте аудиториялық сабактардағы педагогикалық жүктеме 1 академиялық сағат 50 минутқа тең деген норма негізінде есептеледі. Оқу жұмысының басқа түрлері бойынша педагогикалық жүктеме университет белгілеген уақыт нормалары негізінде есептеледі (1-кесте).

Университеттің білім беру порталына жүктелген бір бейне дәріс 1 академиялық сағатқа сәйкес келеді. Пәннің атауы сәйкес келген жағдайда бейне дәрістерді өзара пайдалануға рұқсат етілмейді.

#### 1-кесте – Оқу жұмысының түрлері бойынша уақыт нормалары

№	Жұмыс түрлері	Уақыт нормалары		Ескерту
		кредитте рде	сағаттарда	
1.	Дәріс оқу	0,33	10	Дәріс және практикалық сабактар (триместр, ЖБП)
	Практикалық (семинар) сабактарын өткізу	1,166	35	
2.	Практикалық (зертханалық) сабактар өткізу	1,5	45	Практикалық (зертханалық) сабактар (триместр, ЖБП)
3.	Дәріс оқу	0,5	15	Дәріс және практикалық сабактар (семестр)
4.	Практикалық (семинар) сабактарын өткізу	1	30	

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандастық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінara көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандастық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің профессор-окытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау ережесі		УЕ-02-01-01
Бекітілген 26.02.2025 ж.	Басылым № 5	16 беттің 8-сі

5.	Практикалық (зертханалық) сабактар өткізу	1,5	45	Практикалық (зертханалық) сабактар (семестр)
6.	ОБӘЖ/ ОМӘЖ өткізу	0,013	0,4	Бір білім алушыға
7.	Аралық аттестаттауды (емтиханды) өткізу	0,006	0,2	Бір білім алушыға (бейініне сәйкес пәндер бойынша емтихан алушыларды өзара ауыстыруға жол беріледі)
8.	Кәсіптік (оку, педагогикалық, өндірістік, зерттеу) практикаға басшылық жасау	0,13xNкр	0,4xNкр	Бір білім алушыға
9.	Диплом алдындағы практиканы басқару	0,005xNкр	0,15xNкр	Бір білім алушыға
10.	Дипломдық жобаға басшылық ету	1	30	Бір жобаға
11.	Магистрлік диссертацияға ғылыми жетекшілік жасау	1	30	Бір білім алушыға
12.	Магистрлік жобаға ғылыми жетекшілік жасау	1	30	Бір магистрлік жобаға
13.	Магистранттың ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысына жетекшілік жасау (МҒЖЗ) / (МЭЖЗ)	0,033xNкр	1xNкр	Бір білім алушыға
14.	Қазақстан тарихы бойынша мемлекеттік емтиханды қабылдау (МЕК тәрағасы, мүшелері және хатшысы 4 адамнан аспайды)	0,008	0,25	Бір білім алушыға
15.	АК жұмысына қатысу (АК тәрағасы, мүшелері және хатшысы 6 адамнан аспайды)	0,008	0,25	1 білім алушыға, күніне 6 сағаттан артық емес. АК тәрағасына қорытынды бөлінісі екі еселенеді
16.	Білім беру бағдарламасының үйлестірушісі (бакалавриат)	3	90	Бір білім беру бағдарламасына
17.	Дуальды оқытудың үйлестірушісі	0,016	0,5	Бір білім алушыға
18.	Эдвайзер	0,016	0,5	Бір білім алушыға
19.	Директор орынбасары (Оку және ғылыми істер жөніндегі, Әлеуметтік және тәрбие жөніндегі)	6,666	200	Әр директор орынбасарына

6.6 Оку жұмысы бойынша жүктеме бекітілген жылдық педагогикалық жүктемеге және оку сабактарының кестесіне сәйкес орындалады. Жұмыстың қалған түрлері (оку-әдістемелік, ұйымдастырушылық-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, біліктілікті арттыру, тәрбие) оқытушының Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандастық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінara көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандастық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің профессор-окытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау ережесі		УЕ-02-01-01
Бекітілген 26.02.2025 ж.	Басылым № 5	16 беттің 9-сі

индикативтік жоспарына сәйкес сабактан тыс уақытта орындалады.

6.7 ПОК жұмыс уақытының бюджетін есептеу үшін еңбек шартындағы қызметіне (лауазымына) сәйкес оку жылына айқындалатын жылдық жұмыс көлемі болып табылады (2-кесте).

2-кесте. Профессор-окытушылар құрамының жылдық педагогикалық жүктемесі

№	Қызметі	ПОК педагогикалық жылдық жүктеме көлемі	ПОК педагогикалық жылдық жүктеме көлемі (Гуманитарлық мектеп үшін)	ПОК педагогикалық жылдық жүктеме көлемі (Тіл мектебі үшін)
1	Профессор	600-620 сағат	580-600	500-520
2	Профессор м.а.			
3	Қауымдастырылған профессор	620-650 сағат	600-620	520-550
4	Қауымдастырылған профессор м.а.			
5	Адъюнкт профессор		620-650	550-580
6	Аға оқытуши			
7	Оқытуши			

6.8 Аудиториялық жұмыс (байланыс) көлемі педагогикалық жүктеменің жалпы көлемінің кемінде 50% құрауы тиіс.

6.9 Кредиттік оқыту технологиясы кезінде білім алушылардың өзіндік жұмысы екі бөлікке бөлінеді: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӘЖ/ОМӘЖ) және толығымен дербес орындалатын білім алушының өзіндік жұмысы (БӘЖ/МӘЖ).

6.10 БӘЖ/МӘЖ барлық көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады. Оку қызметінің барлық түрлері бойынша білім алушының оқытушымен және БӘЖ/МӘЖ байланыс жұмысы арасындағы уақыт арақатынасын Университет айқынайды (3-кесте).

3-кесте. Пәндер кредиттерінің жалпы санын сағат бойынша бөлу

Триместр

№	Жұмыс түрі	Жалпы кредит санын сағат бойынша бөлу						Ескерту
		2 кр. – 60 сағат	3 кр. – 90 сағат	4 кр. – 120 сағат	5 кр. – 150 сағат	6 кр. – 180 сағат	7 кр. – 210 сағат	
1	Дәрістер	10	10	10	10	10	20	Дәріс сабактары болған жағдайда
	Практика / семинар	15	20	30	35	45	45	
2	Практика / семинар	25	30	40	45	55	65	
3	ОБӘЖ	5	10	15	15	20	20	
4	БӘЖ	30	50	65	90	105	125	
	<b>Барлығы</b>	<b>60</b>	<b>90</b>	<b>120</b>	<b>150</b>	<b>180</b>	<b>210</b>	

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандастық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің профессор-окытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау ережесі		UE-02-01-01
Бекітілген 26.02.2025 ж.	Басылым № 5	16 беттің 10-сі

### Семестр (бакалавр 2022 қабылдау, магистратура)

№	Жұмыс түрі	Жалпы кредит санын сағат бойынша бөлу						Ескерту
		2 кр. – 60 сағат	3 кр. – 90 сағат	4 кр. – 120 сағат	5 кр. – 150 сағат	6 кр. – 180 сағат	7 кр. – 210 сағат	
1	Дәрістер	8	15	15	15	15	30	Дәріс сабактары болған жағдайда
	Практика / семинар	15	15	30	30	45	45	
2	Практика / семинар	23	30	45	45	60	75	
3	ОБӨЖ/ ОМӨЖ	5	8	15	15	15	30	
4	БӨЖ/МӨЖ	32	52	60	90	105	105	
	<b>Барлығы</b>	<b>60</b>	<b>90</b>	<b>120</b>	<b>150</b>	<b>180</b>	<b>210</b>	

6.11 Оқытушының басшылығымен білім алушының өзіндік жұмысы жеке кесте бойынша жүргізіледі. ОБӨЖ/ОМӨЖ кестесін әр оқытуши жасайды, ПОҚ ОБӨЖ/ОМӨЖ өткізу кестесін мектеп директоры бекітеді.

### 7. ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЖҮКТЕМЕНІ БӨЛУ ТӘРТІБІ

7.1 ПОҚ орындастырылған жұмыстардың әртүрлі түрлерін жоспарлау әрбір оқытушының біліктілігі мен жұмыстың қандай да бір түрін негұрлым тиімді орындаудағы жеке мүмкіндіктерін ескере отырып жүргізіледі.

7.2 Оку жылына ПОҚ педагогикалық жүктеме уақытының нормасы 4-кестеге сәйкес жоспарланады.

4-кесте. Оку жылына ПОҚ педагогикалық жүктемесін жоспарлау кезіндегі уақыт нормасы.

Жүктеме	Профессор, сағат	Профессор м.а., қауымдастырылған профессор, сағат	Қауымдастырылған профессор (доцент) м.а., адъюнкт профессор, аға оқытушы, сағат
0,25	150-155	155-162,5	162,5-170
0,5	300-310	310-325	325-340
0,75	450-465	465-487,5	487,5-510
1	<b>600-620</b>	<b>620-650</b>	<b>650-680</b>
1,25	750-775	775-812,5	812,5-850
1,5	900-930	930-975	975-1020

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандастық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің профессор-окытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау ережесі		УЕ-02-01-01
Бекітілген 26.02.2025 ж.	Басылым № 5	16 беттің 11-сі

4-1-кесте – Оку жылына ПОҚ педагогикалық жүктемесін жоспарлау кезіндегі уақыт нормасы (Гуманитарлық мектеп үшін).

Жүктеме	Профессор, сағат	Профессор м.а., қауымдастырылған профессор, сағат	Қауымдастырылған профессор (доцент) м.а., адъюнкт профессор, аға оқытушы, оқытушы, сағат
0,25	145-150	150-155	155-162,5
0,5	290-300	300-310	310-325
0,75	435-450	450-465	465-487,5
1	<b>580-600</b>	<b>600-620</b>	<b>620-650</b>
1,25	725-750	750-775	775-812,5
1,5	870-900	900-930	930-975

4-2-кесте – Оку жылына ПОҚ педагогикалық жүктемесін жоспарлау кезіндегі уақыт нормасы (Тіл мектебі үшін).

Жүктеме	Профессор, сағат	Профессор м.а., қауымдастырылған профессор, сағат	Қауымдастырылған профессор (доцент) м.а., адъюнкт профессор, аға оқытушы, оқытушы, сағат
0,25	125-130	130-137,5	137,5-145
0,5	250-260	260-275	275-290
0,75	375-390	390-412,5	412,5-435
1	<b>500-520</b>	<b>520-550</b>	<b>550-580</b>
1,25	625-650	650-687,5	687,5-725
1,5	750-780	780-825	825-870

7.3 Академиялық лектер (бұдан әрі – лектер) оқыту тілдері мен дайындық бағыттары бойынша қалыптастырылады.

7.4 Оқытылатын пән бағдарламаларының мазмұны бірдей болған кезде әртүрлі білім беру бағдарламаларының білім алушылар лектерін қалыптастыруға жол беріледі.

7.5 Шағын топтарда білім алушылар жалпы білім беретін пәндер циклінің пәндеріне білім беру бағдарламасына қарамастан лектерге біріктіріледі.

7.6 Академиялық лектер мен топтар осы пәнге және оқытушыға тіркелген білім алушылардың рентабельдік принципі бойынша қалыптастырылады.

7.7 Дәріс, практикалық (семинар) сабактарын өткізуге арналған лектер «педагогикалық жүктемені қалыптастыру үшін білім алушылар контингентінің шкаласына» сәйкес қалыптастырылады (5-кесте).

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандастық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің профессор-окытушылар кұрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау ережесі		УЕ-02-01-01
Бекітілген 26.02.2025 ж.	Басылым № 5	16 беттің 12-сі

5-кесте. Педагогикалық жүктемені қалыптастыру үшін білім алушылар контингентінің шкаласы

Білім деңгейі	Білім алушылар саны	
	Дәрістер	Практикалық (семинар) сабактар
Барлық деңгейлер (бакалавриат, магистратура)	200 дейін	10-30
Оның ішінде: Ақпараттық коммуникациялық технологиялар (АКТ), тілдік пәндер		14-16

Ескерту: лектер жинақталмаган жағдайда осы норманы ұлғайтуға немесе азайтуға жол беріледі.

7.8 Дәрістердің окуын «ғылым кандидаты» және (немесе) «ғылым докторы» ғылыми дәрежесі, немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор», дәрежесі, немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі, немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежесі, және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)», немесе «профессор» (бар болған жағдайда), сондай-ақ тиісті ғылымдар бойынша магистр дәрежесі бар оқытушылармен және (немесе) қызметінде өтілі кемінде үш жыл немесе бейін бойынша кемінде бес жыл практикалық өтілі бар аға оқытушылармен жоспарланады.

7.9 Дәрістер окуға және (немесе) оку сабактарының басқа да түрлерін өткізуге кадрлар даярлау бағытының бейініне сәйкес келетін практикалық жұмыс тәжірибесі бар ғылыми қызметкерлер, еңбек сінірген мәдениет, өнер, спорт қайраткерлері, шығармашылық одақтардың мүшелері немесе тәжірибелі мамандар тартылуы мүмкін.

7.10 Мектептердің жетекші профессорлары бакалавриатта оку жылына кемінде бір дәріс оқуды жоспарлауы қажет, тек практикалық сабактарды ғана жүргізетін ПОҚ қоспағанда.

7.11 Бір топтың кіші топтарындағы сабактарды әртүрлі оқытушыларға жоспарлауға рұқсат етіледі.

7.12 БӘЖ/МӘЖ барлық көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады.

7.13 Білім алушының оқытушымен байланыс жұмысы мен БӘЖ/МӘЖ арасындағы уақыт арақатынасын айқындау кезінде оку қызметінің барлық түрлері бойынша аудиториялық жұмыс көлемі әрбір пән көлемінің кемінде 30% құрайды.

7.14 Білім беру бағдарламасының үйлестірушісі білім беру бағдарламасын құру, жаңарту, өзгерту, ЭПК және MINOR пәндерінің презентациясын өткізеді, сонымен қатар білім беру бағдарламасына қатысты жұмыстарды үйлестіреді.

7.15 Кәсіптік практиканы басқаруға мектеп оқытушылары тартылады.

7.16 Кәсіптік практика білім беру бағдарламасының міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. Кәсіптік практика оку, педагогикалық (психологиялық-педагогикалық және өндірістік педагогикалық), өндірістік және диплом алдындағы болып бөлінеді. Оку, педагогикалық (психологиялық-педагогикалық және өндірістік педагогикалық), өндірістік тәжірибелерді жүргізу кезінде оқытушының жүктемесі бір білім алушыға есептеледі.

7.17 Магистрлік бағдарламаның міндетті компоненті: ғылыми-зерттеу жұмысы, ғылыми-педагогикалық магистратура үшін магистрлік диссертацияны орындауды немесе профильдік магистратура үшін ғылыми жетекшінің жетекшілігімен магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысы.

7.18 Диплом алдындағы практикаға басшылықты дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі, оқытушылар, осы білім беру бағдарламасы (біліктілігі) бойынша теориялық

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандастық университеті» КЕАҚ рұқсатының толық немесе ішінәра көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандастық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің профессор-окытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау ережесі		УЕ-02-01-01
Бекітілген 26.02.2025 ж.	Басылым № 5	16 беттін 13-сі

және практикалық білім мен дағдыларды менгерген өндірістік оқыту шеберлері жүзеге асырады.

7.19 Пәнди қайта оқу кезінде оқытушылардың білім алушылармен оқу жұмысы сафаттық төлем шарттарымен төленеді.

## **8. ПОҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮКТЕМЕСІН ЖОСПАРЛАУ, БӨЛУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУДЫ ҚҰЖАТТАУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ**

8.1 Мектептердің ПОҚ жеке педагогикалық жүктемесін бөлуді құжаттауды мектеп директорлары осы Ереже және мектеп ПОҚ педагогикалық жүктемесін есептеу нысаны негізінде жүргізеді.

8.2 Сафат есебін қалыптастырғанға дейін мектептің ПОҚ педагогикалық жүктемесінің барлық есептеулерінің негізділігі мен дәлдігіне дербес жауап беретін мектеп директоры мыналарды орындауы тиіс:

- білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарларын тексеру;
- мектепке бекітілген оқу пәндерін тексеру;
- пәнге тіркелген білім алушылардың контингентін тексеру;
- мемлекеттік емтиханды және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру бойынша есептеулер жүргізу.

Негізгі жүктемені есептеу бойынша ұсыныстар:

- сафат есебін салыстыру;
- сафат есебін өзекті күйде ұстау (1 курс үшін – талапкерлерді қабылдау жоспары бойынша, 2-4 курс үшін – білім алушылардың нақты контингенті бойынша). АДБ тексеруге тапсыру;
- оқу жылы басталғанға дейін оқу жылына сафат есебін түзету.

8.3 Оқу жүктемесін бекіту тәртібі:

- Мектептің оқу жүктемесінің жалпы жылдық есебіне мектеп директоры қол қояды, АДБ келісіледі, Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректормен бекітіледі.
- Мектеп директорының жеке оқу жүктемесіне мектеп директоры қол қояды, АДБ келісіледі, Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректормен бекітіледі.
- Оқытушылардың жеке оқу жүктемесіне оқытушы қол қояды және мектеп директоры бекітеді.
- Ишкі қосалқы қызметкерлердің жеке оқу жүктемесіне оқытушы мен мектеп директоры қол қояды, Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректормен бекітіледі.

8.4 Бекітілген құжат Университеттің ПОҚ енбекақы төлеу үшін негіз болып табылады.

8.5 Жеке педагогикалық жүктемені есептеудің түпнұсқасы АДБ сақталады.

8.6 Мектепке жұмыс істеу үшін бекітілген құжаттың көшірмесі беріледі.

8.7 Әрбір оқытушының педагогикалық жүктемесі ағымдағы оқу жылына арналған мектептің штат кестесіне сәйкес жоспарланады және мектеп отырысында бекітіледі.

8.8 Педагогикалық жүктеменің орындалуы туралы есепті мектеп оқу жылының сонында жылдық есепте ұсынады.

8.9 Штат кестесі, педагогикалық жүктеме орындау үшін міндетті болып табылады. Мектеп директоры бөлінген штатта мектеп бойынша жылдық оқу жұмысының барлық көлемін орындауға міндетті.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандастық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Университеттің профессор-окытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау ережесі		УЕ-02-01-01
Бекітілген 26.02.2025 ж.	Басылым № 5	16 беттің 14-сі

## 9. ӨЗГЕРИСТЕР ЕҢГІЗУ ТӘРТІБІ

9.1 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректордың ұсынысы бойынша Ғылыми кенес отырысының шешімімен енгізіледі.

9.2 Осы Ережеге енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парагында» тіркелуі тиіс.

## 10. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

10.1 Осы Ереже Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

10.2 Осы Ереженің жұмыс данасын сақтау және пайдаланушыларға тарату жауапкершілігі Академиялық даму бөліміне жүктеледі.

10.3 Осы бекітілген Ереженің жұмыс данасы Академиялық даму бөліміне, ал бақылау данасы Сапаны қамтамасыз ету бөліміне сақтауга беріледі.

<p>Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі</p> <p>«Халықаралық туризм және меймандастық университеттің коммерциялық емес акционерлік когамы</p> <p>Университеттің профессор-окытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау ережесі</p> <p>Бекітілген 26.02.2025 ж.</p>		<p>Министерство туризма и спорта Республики Казахстан</p> <p>Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»</p> <p>UE-02-01-01</p> <p>Басылым № 5</p> <p>16 беттің 15-сі</p>
--	--	--

## 11. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАФЫ

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандастық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

<p>Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі</p> <p>«Халықаралық туризм және меймандастық университеті» коммерциялық емес акционерлік когамы</p> <p>Университеттің профессор-окытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау ережесі</p> <p>Бекітілген 26.02.2025 ж.</p>		<p>Министерство туризма и спорта Республики Казахстан</p> <p>Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»</p> <p>UE-02-01-01</p> <p>Басылым № 5</p> <p>16 беттің 16-сі</p>
---	--	--

## **12. ТАНЫСУ ПАРАФЫ**

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандастық университеті» КЕАҚ рұқсатының толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды